

A.B. Temirova¹, G. Amirova², S.A. Yssupova¹, N.H. Baimuminova¹

¹«Financial Academy» JSC, Astana;

²«Kazakh University of Economics, Finance and International Trade», Astana
bolat39@mail.ru

IMPROVING THE COMPETITIVENESS OF THE NATIONAL ECONOMY IN THE CONDITIONS OF INTERNATIONAL INTEGRATION

Abstract. This article considers the problems of competitiveness of national economy in conditions of globalization. Competitive advantages are defined and nine principles of the country competitiveness estimation are proposed. The role of the State in provision of competitiveness of the country in the world market is specified in the article. Established the state's role in ensuring the country's competitiveness in the global market. Integration of manufacturing in the modern economy is a powerful factor for increasing its competitiveness. Today, improving the competitiveness of the economy is one of the most influential concepts in economics and politics, the implementation of which contributes to the development of socially responsible business for the prosperity of each nation and the world. The whole world becomes an arena of the large integrated structures. And all this happens on the basis of integration of production as a factor in improving the competitiveness of the economy, which contributes not only to comply with the stability, quantitative accumulation of various "positive" indicators, and, above all, the positioning of the qualitative changes in the socio-economic development. By integrating social progress becomes a dynamic, creative, interesting and useful in all respects for a man. The world practice shows that integration is a leader in advanced economies. It provides optimization of the economic structure, economies of scale, diversification of economic activities, to attract external financial resources, contributes to the development of the leading sectors of the global economy and, ultimately, leads to increased competitiveness of the economy in the system of modern market relations in the context of globalization.

Keywords: National economy, competitiveness, globalization, competitive factors, competitive advantage.

А.Б.Темирова¹, Г.Амирова,² С.А Юсупова¹, Н.Х. Баймунинова¹

¹АҚ «Қаржы академиясы», Астана;

²«Қазақ Экономика, Қаржы және Халықаралық Сауда Университеті», Астана

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Аннотация. Мақалада жаһандану жағдайындағы ұлттық экономиканың бәсеке қабілеттілігін арттыру мәселелері қарастырылған. Бәсекеқабілеттілік артықшылықтары анықталып, елдің бәсекеге қабілеттілігі бағалаудың принциптері ұсынылған. Әлемдік нарықтағы бәсекеқабілеттілікті қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлі айтылған. Қазіргі заманғы экономикадағы өндіріс интеграциясы оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қуатты факторы болып табылады. Бүгін, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жалпы әлем мен әрбір ұлттың гүлденуі үшін әлеуметтік жауапты бизнестің дамуына ықпал ететін экономикадағы саласындағы ең ықпалды тұжырымдамалардың бірі болып табылады. Бүкіл әлем үлкен интегралды құрылымдардың сахнасына айналады. Осы тұрғыда, халықаралық еңбек бөлінісі қиындай түседі, халықаралық экономикалық қатынастар және сыртқы сауда маңыздылығы мен динамикасы арта бастайды. Мұның бәрі экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде әлеуметтік-экономикалық дамуындағы сапалық өзгерістердің позициялау тұрақтылық сәйкес келуі үшін ғана емес түрлі «оң» көрсеткіштерін сандық жинақтау ретінде өндірісті интеграциялау негізінде жүреді. Интеграция арқасында әлеуметтік прогресс біріктіру арқылы адам үшін барлық жағынан, динамикалық шығармашылық, қызықты және пайдалы болып табылады.

Әлемдік тәжірибеден интеграция экономикасы дамыған елдерде көш бастап тұрғанын байқауға болады. Ол сайып келгенде, жаһандану жағдайында қазіргі заманғы нарықтық қатынастар жүйесінде экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сыртқы қаржылық ресурстарды тарту үшін, экономикалық құрылымы, ауқымдағы экономикасы, шаруашылық қызметін әртараптандыру оңтайландыруды қамтамасыз ететін әлемдік экономиканың жетекші салаларының дамуына ықпал етеді.

Тірек сөздер: Ұлттық экономика, бәсекеқабілеттілік, жаһандану, бәсекеге қабілеттіліктің факторлары, бәсекелік артықшылықтары.

Кіріспе. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру проблемасын шешудегі қиындық экономикалық әдебиеттерде әлі күнге дейін осы категорияға қатысты бір ауызды пікір қалыптаспағанымен байланысты болып отыр. Әр түрлі пікірталастардың болуына қарамастан, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі халықаралық деңгейде көрінетіні және отандық экономика субъектілерінің сыртқы сауданы либерализациялау жағдайларында оларды өткізу қоғамдық әл ауқатты арттыратын әлемдік нарық талаптарын қанағаттандыратын тауарларды сату қабілетінде көрініс табады [1].

Бәсекелестік терминіне қатысты да бірауызды пікір қалыптаспаған. Бәсекелестіктің мәнін толығырақ ашатын анықтаманы келтірейік. Ол нарықтық қатынастарға қатысушылар арасындағы тауарды сатып алу сатудың ең қолайлы жағдайлары және капиталды орналастыру салалары үшін экономикалық күрес [2].

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін ықпалдастырушылық құрауыш ұлттық экономиканың қызмет еті сипатына қатты әсерін тигізеді және оның ашықтығына, сыртқы экономикалық қызметті қарқынды қылуына, кәсіпкерлікті реттеудің бірізге қойылуына және нарықтардың бақылануына, мәмілелерді жүзеге асырудың ережелері мен нормаларының бірыңғайлануына, капиталдың ауысуына қатысты талаптардың стандартталуына, тікелей шет ел инвестицияларының өсуіне әкеп соқтырады [3]. Мемлекетіміздегі қалыптасқан әлеуметтік экономикалық жағдайда талдайтын болсақ, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін ықпалдастырушылық процесстерінсіз арттыру мүмкін емес деген тұжырым жасауға болады.

Зерттеу әдістері. Ұлттық экономикалардың экономикалық даму кезеңдерінің сыныптамасына сәйкес Қазақстан Республикасының экономикасының қазіргі даму деңгейі аралас факторлық-инвестициялық даму типіне жатады. Оған минералды-шикізаттық қорлардың көп мөлшері және сәйкесінше әлемдік нарыққа шикізаттық бағытталған факторлардың басыңқылығы, өңдеуші саланың жеткіліксіз даму деңгейі негіз болады.

Қазіргі даму жағдайында өсу полюстері ретінде әлемдік нарықпен интеграцияланған экономикалық дамудың қозғаушы күші қарқынды дамушы аймақтар бола алады, сондықтан аймақтық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне баса назар бөлінуі тиіс.

Зерттеу нәтижелері: Халықаралық тәжірибе мен Қазақстан экономикасының дамуының өзіндік ерекшелігін ескере отырып, Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың негізгі бағыттары келесі болуы керек:

- инфрақұрылым мен индустриялық әлеуеттің мүмкіндіктерін сапалы игеру негізінде инновациялық үдерістердің кіріктірілуі;
- өндірістің ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін қалыптастыру;
- ғылым-сыйымды және өңдеу саласының дамуын одан әрі ынталандыру;
- адам капиталын дамыту және оны тиімді қолдану.

Бәсекеге қабілетті экономиканы құру – алдымен инфрақұрылымдық әлеуетті сапалы түрде игеріп (қажет жағдайда жаңартып), одан кейін инновацияның осы инфрақұрылымдық және индустриалдық үдерістерге кіріктірілуі маңызды болып табылады.

Келесі бағыттың факторлар тобы - өндірістің ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін қалыптастыру – өнімнің технологиялылығын, ғылым және зияткерлік сыйымдылығын көтерумен байланысты және өндірістің бәсекеге қабілеттілігін құрайды, сонымен бірге қазіргі таңда анықтаушы фактор болып табылады, өйткені ғылыми, технологиялық және техникалық жаңалық деңгейі шығын деңгейі мен шығарылатын өнімнің сапасының шарты болып табылады.

Нәтижені талқылау. Осы арада халықаралық тәжірибеге сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік инновацияны дамытудың тиімді құралы болуы мүмкін. Мәселен, дамыған елдерде тікелей шағын

және орта кәсіпорындарда зерттеумен айналысатын және инновациялық әзірлемелерді қаржыландырып, өндіріске енгізумен айналысатын арнайы бөлімшелер болады. Инновацияны енгізу барысында халықтың қажеттіліктерін ұдайы назарда ұстау қажет және перспективалы нарықтарға бағытталу қажет.

Халықаралық тәжірибенің келесі тиімді құралы жаңа инновациялық өнімдерді өндіру бастапқы кезеңде басымдық болмауы қажет. Алдымен қолданыстағы үдерістер мен өнімдерді өндіруге жаңа технологияны енгізу жеткілікті болады. Шетелдік тәжірибе ұлттық инновациялық жүйенің осы жолмен қалыптасқан тәжірибесінің көп екендігін көрсетіп отыр. Сондықтан жаңа технологияларды жергілікті өндіріске икемдеуге болады (мысалы жаңа технологиялық құраушы элементтерді қоса отырып, өндірісті жетілдіру).

Нәтижесінде кәсіпорынның табиғи дамуы түбегейлі жаңа инновациялық өнім өндіруге әкеледі. Келтірілген тәжірибе Бразилия, Үндістан және Мексика елдерінде сәтті жүзеге асырылды. Жалпы алғанда, инновациялар күрделі сипатты мемлекеттік саясат болып табылады. Осылайша көп елдердің инновациялық даму мәселесін алға қояды, бірақ олардың көпшілігі инновациялық әлеуетін пайдалану мүмкіндіктерін толық біле бермейді.

Бірқатар сарапшылар инновация және технологиялық даярлық, инфрақұрылым көрсеткіштері бойынша Қазақстанның рейтингісін жақсаруын елдегі индустриялық-инновациялық дамыту бағдарламасының жүзеге асырылуымен байланыстырады. Шын мәнісінде осы бағдарламаның шеңберінде аталған салаларға салынған инвестициялардың ауқымдығын ескергенде, бұл салаларда ілгерілеудің болуын күту орынды болып табылады.

Қазіргі кезеңде қалыптасқан Қазақстан экономикасының дамуының территориялық-салалық құрылымы әлемдік нарыққа кірігудің шарттарына жауап бермейді, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды деңгейінде және тиімділігі төмен болып отыр. Жаңа экономикалық даму жаңа аймақтық иерархияны құруды қажет етеді - өндіруші-аймақтар, делдал-аймақтар мен қаржылық орталық-аймақтар.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың балама стратегиясы кеңістіктік даму бола алады. Себебі ресурстарды (еңбек, капитал) табиғи және климаттық ерекшеліктер мен әлеуетін ескере отырып, сәйкес аймақтарға орналастыру іштей үйлескен экономикалық кеңістікті құруға әкеледі. Бұл жаһандық интеграция жағдайында халықаралық ұйымдар мен бірлестіктерге (әлемдік шаруашылық жүйесіне) интеграциясына дайындық болып табылады. Бұл мәселе кластерлік даму саясатын дұрыс құруға ықпалын тигізеді. Осылайша өңірде және халықаралық нарықта тиімді кеңістіктік саясат бәсекелік мамандануға, ол өз кезегінде орнықты экономикалық даму мен халықтың өмір сапасының өсуіне әкеледі. Кеңістіктік дамудың тиімділік және рационалдылық қағидасы келесілер болулары керек [4]:

- полярлы даму (немесе «шоғырланған») қағидасы – аймақтық даму деңгейін теңестіру саясатын алмастыруға көмектеседі және қаржылық, басқарушылық, адами ресурстарды «тірек аймақтарда» (полюстер мен өсу локомотивтерінде) концентрациялауға (жинауға) әкеледі, нәтижесінде инновациялық белсенділік басқа аймақтарға тарайды;

- «реформалауға преференция (қалау)» қағидасы – территория тірек аймағы статусына жетпесе, онда мемлекеттік көмек ең алдымен осы аймақтың тұрғындарды бюджеттік қызметтерге бірдей қол жеткізуді қамсыздандыруға бағытталуы керек, бұл азаматардың конституциялық құқытарын іске асыруын кепілдендіреді;

- «шараларды синхрондау» қағидасы елдегі негізгі реформаларды үйлестіру, реформалар аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына, жалпы мемлекеттік басымдылықтарды қалыптастыруға, республика облыстары мен аймақтық құрылуларды үйлестіруге әсер етеді;

- «мемлекеттік саясаттың дифференциациялануы» - Қазақстан территориясында зоналардың қалыптасуына әкеледі: шикізат зонасы, қауіпсіздік зонасы (шекаралық аймақ, критикалық территориялар), технологиялық трансферт аймағы, инновациялық даму аймағы, әлемдік қалалар, ескі өнеркәсіптік аймақтар, бірінші ретті индустриалауды өткен аймақтар.

Аймақтық кеңістіктік модернизацияның негізгі блоктары келесілер:

- ғылыми-зерттеу секторының (ҒЗС) аймақтық модульдерін қалыптастыру, өнеркәсіпті модернизациялау жағдайларын жасау, бәсекеге қабілетті экономикалық кластерлерді құру және қолдау;

- адам ресурстарын басқару жүйесін қалыптастыру;
- аймақтардың кеңістіктік дамуын құқықтық қамсыздандыру. Тиімді аймақтық саясатты қамтамасыз ететін және заманауи талаптарға жауап беретін базалық (негізгі) заң актілерін қабылдауға ерекше мән беру керек. «ҚР дамуының аймақтық кеңістіктік модернизациясы туралы» заңның қажеттігі туады.

Жалпы ұлттық экономиканың аймақтық модернизациясы инвестициялық даму фазасынан инновациялық фазаға көшуге мүмкіндік береді, сол арқылы постиндустриалды қоғамға жолдағы (орта дамыған елдерге тән) Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму кезеңіне қол жеткізіледі.

Орнықты экономикалық өсу қарқынына экономиканың оң (позитивті) құрылымдық өзгерістері жағдайында жету және халықтың нақты табысының өсімін қамсыздандыру сияқты негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің қажеттігі «нарықтардағы белсенді позиционирлеу» сценариіне негізделген құрылымдық-технологиялық маневр стратегиясын іске асырудың экономикалық тұрғыдан рационалды және іске асыруға мүмкін екенін көрсетеді.

Қазақстан экономикасының құрылымдық моделі келесідей жобаланған:

- жоғары деңгейде бәсекеге қабілетті экспортқа бағытталған өндіріс, экспортқа бағытталған салалармен түйіндес өндіріс;
- негізінен ішкі нарыққа бағытталған бәсекеге қабілетті өндіріс;
- инфрақұрылымдық салалар – экономиканың басқа салаларының дамуының шарты ретінде;
- отандық өндірісте жоқ немесе бәсекеге қабілетсіз тауарлардың (жұмыс, қызметтердің) импорты.

Әлемдік экономикада елдер түрлі әсер ету арналары арқылы өзара байланысты. Мәселен, одан әрі ғаламдық дағдарысқа ұласқан Оңтүстік Шығыс Азиядағы қаржы дағдарысы (1997ж.), АҚШ-тағы дағдарыс (2007ж.) экономикасының көлемі жағынан ірі елдердің жүйелік тәуекелдерінің іске асуы көлемі жағынан аз және осындай әсерлерге неғұрлым сезімтал елдер үшін жұқтырып алу әсеріне әкеп соғатынын көрнекі түрде көрсетті. Өз кезегінде, GVAR – «Ғаламдық векторлық авторегрессия» моделі экономикалардың өзара байланысын орнатуға көмектеседі. Бұл модель әлемдік экономикадағы экономикалық және қаржылық өзара байланысты қамтитын эмпирикалық модель болып табылады [5].

GVAR құралдары сауда әріптестердің макроауыспалы экономикаларының Қазақстан экономикасына және басқа елдердің экономикаларына өзара әсерінің сандық бағасын алу үшін пайдаланылады. Модельді бағалау үшін Ресейді, Қытайды, Беларусьті, АҚШ-ты, Еуропа елдерін және т.б. қоса алғанда, 28 ел іріктеліп алынды. Модельде қысқамерзімді кезеңдегі (бір және екі жылдағы) үш күйзеліс түрі айқындалған:


– елдерге тән күйзеліс: бір елдің ЖІӨ-нің өсу қарқынының төмендеуінің басқа елдердің ЖІӨ-ге әсері;
– өңірлерге тән күйзеліс: Еуропа елдері ЖІӨ-нің өсу қарқынының төмендеуінің басқа елдердің орташа алғандағы ЖІӨ-ге әсері;
– ғаламдық күйзеліс: мұнай бағасының төмендеуінің ЖІӨ-нің өсу қарқынына, нақты айырбастау бағамына әсері.

Бірінші күйзеліс – Ресей ЖІӨ-нің теріс күйзелісі, онда күйзелістің бір стандартты ауытқуы Ресей ЖІӨ нақты өсуінің орташа алғанда екі жылда 1 п.т.-ға қысқаруына баламалы. Ресей ЖІӨ қысқаруының күйзелісі әсерінің салдарынан қалған елдердің нақты ЖІӨ-нің реакциясы берілген (19-сурет). Алынған нәтижелер бұл күйзелістің географиялық тұрғыдан көршілес орналасқан елдерге айтарлықтай әсер ететінін көрсетіп отыр, мәселен, Ресейдің Ресейдің өсу қарқынының 1п.т.-ға төмендеуі Украина экономикасының өсу қарқынының 1,3 п.т.-ға, Қазақстанның 0,3 п.т.-ға және Беларусьтің 0,3 п.т.-ға қысқаруымен сипатталады. Бұл елдердің ЖІӨ реакциясы ЕАЭО елдері мен Украинаның іскерлік циклдерінің қатар жүру дәрежесінің жоғары болуымен түсіндіріледі.

Келесі күйзеліс – Қытай күйзелісі. Жүргізілген бағалау нәтижесінде Қытай ЖІӨ орташа алғанда екі жылда 1 п.т.-ға төмендеген кезде Қазақстанның ЖІӨ 0,4 п.т.-ға қысқарады. Қазақстанның Қытайға тәуелділігі Қытайдың Қазақстанның ірі сауда әріптесі болып табылатындығына

байланысты және әсер етуі, негізінен, сауда арнасы арқылы бағаланады. Беларусь пен Ресейдің ден қоюы одан аз емес.

АҚШ ЖІӨ өсуі қысқарған кезде көбірек Ресей ЖІӨ (1,2 п.т.) және Қазақстан (0,7 п.т.) ден қояды, бірақ Қытай тарапынан туындаған күйзеліске қарағанда АҚШ тарапынан туындаған күйзеліс анағұрлым маңызды.



Ескертпе: Ромбиктер ЖІӨ өсімінің медианалық мәндерін көрсетеді, стрелкалар ең жоғары және ең төменгі мәндерді көрсетеді. Күйзеліс 1-ші стандарттық ауытқу ретінде берілген.

*Австрия, Бельгия, Финляндия, Франция, Германия, Италия, Нидерланд, Испания, Швеция және Ұлыбритания

Сурет 1 - Ресей күйзелісі (Ресейдің ЖІӨ 1 п.т. төмендеген кезде), екі жылдың орташа мәні
Ескерту – [6] әдебиет негізінде құрастырылды

Өңірге тән күйзеліс ретінде Еуропа елдерінің күйзелісі қаралды, ол осы елдердің ауыспалыларының орташа алынған мәнінің әсерін көздейді (4-график). Бұл күйзеліс АҚШ күйзелісі сияқты Қазақстанға да айтарлықтай ықпал етеді (0,7 п.т.). Қытайдан келетін ықпал сияқты Қазақстанға ықпал ету көбіне сауда арнасы арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ қаржы арнасы арқылы да әсер етуі мүмкін.

Ғаламдық күйзелістердің әсерін ескерсек, тұтастай алғанда әлемдік экономика үшін ортақ болуы мүмкін күйзелістер бар.

Осындай ғаламдық күйзеліс ретінде мұнай бағасы қаралады. Мұнай бағасы күйзелісінің елдердің экономикалық өсуіне әсерінен алынған моделдің нәтижелері ЕАЭО елдерінің басқа елдерге қарағанда мұнай бағасының өзгеруіне әлдеқайда әлсіз екендігін көрсетіп отыр.

Сондай-ақ модель нәтижелері мұнай бағасы күйзелісінің Қазақстанның бағамына аз әсер ететінін көрсетті, ал Ресей бойынша қарама-қайшы жағдай байқалады. Мұндай жағдай Қазақстанның экономиканың өсуіне қолдау көрсету жөніндегі неғұрлым белсенді саясатымен және ол елдерде валюта саясатын жүргізу тәсілдерінің әр түрлі болуымен байланысты.

Ортамерзімді перспективада мұнайдың орташа жылдық әлемдік бағасы бір баррель үшін 50 АҚШ долл. деңгейінде сақталған кезде Қашаған кен орнының пайдалануға енгізілуіне (шамамен 2017 жылдан бастап) байланысты мұнайдың сандық жеткізілімінің өсуімен кейіннен өтелетін келісімшарттық бағалардың да, экспорттың нақты көлемінің де айтарлықтай (екі есе дерлік) қысқаруы күтіледі.

Мұнай экспортынан түсетін кірістердің төмендеуі шетелдік тікелей инвесторларға дивидендтер төлемінің қысқаруына және, тиісінше, инвестициялық кірістер сальдосы тапшылығының қысқаруына негіз болады. Нәтижесінде, ағымдағы шоттың тапшылығы 2015 жылы ЖІӨ-нің 3,3% деңгейінде болды, ал 2016-2017 жылдары ЖІӨ-нің 3,1-3,3%-на дейін (2015 жылы мұнайдың бір баррелі үшін орташа жылдық баға 55-60 АҚШ долл. болған кезде тапшылық ЖІӨ-нің шамамен 2%-ы деңгейінде қалыптасты) төмендейді.

Болжамды кезеңде шетелдік тікелей инвестициялардың таза ағынының қысқаруы күтіледі, бұл қолданыстағы жобалардың аяқталуымен және шетелдік тікелей инвесторлардың қатысуымен болатын жаңа жобалардың шикізат нарықтарының баға конъюнктурасының өзгеруімен, сондай-ақ

бұрын тартылған қарыздар (облигациялық қарыздарды қоса алғанда) бойынша айтарлықтай төлемдермен байланысты кейінірек мерзімге ықтимал ауыстырылуымен байланысты. Сонымен қатар ҚРҰҚ-ға таза түсімдердің төмендеуі жағдайында республикалық бюджетке кепілдік берілген және нысаналы трансферттер деңгейі сақталған кезде портфельдік инвестициялар бойынша капиталдың таза әкелінуі байқалатын болады.

Мұнайдың орташа жылдық әлемдік бағасы 2016-2017 жылдары бір баррель үшін 40 АҚШ долл. дейін төмендеген жағдайда ағымдағы шоттың тапшылығы ЖІӨ-нің шамамен 3,8%-4,1%-ын құрайтын болады.

Базалық сценариймен салыстырғанда пессимистік сценарий жағдайында ҚРҰҚ-ға таза түсімдердің төмендеуі және басқа инвестициялар бойынша жаңа қаржыландыру ағынының қысқаруы күтіледі.

2016-2017жж. мұнайдың орташа жылдық әлемдік бағасы бір баррель үшін 60 АҚШ долл. болған кезде болжам ағымдағы шот тапшылығы ЖІӨ-нің 1,2-1,3%-ы шегінде болатындығын көздейді.

Қаржы шотында жеке сектордың таза қарыз алуының қысқаруы байқалатын болады, ол халықаралық қаржы ұйымдарынан алынатын жаңа мемлекеттік қарыз есебінен ішінара өтелуі мүмкін. Жаңа түсімдердің азаюы және ҚРҰҚ-дан трансферттердің өсуі портфельдік инвестициялар бойынша сыртқы активтердің қысқаруына әкеледі (1-кесте).

Қазақстан экономикасының алдында Еуразиялық Экономикалық Одақтың 2016 жылдан бастап қызмет ету мен жақын болашақтағы Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі жағдайында бәсекеге қабілеттілігін сақтап қалу міндеті өзекті болып табылады.

Қазіргі жағдайда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның халықаралық еңбек бөлінісі мен жаһандық халық шаруашылығында әлемдік нарық сұранысына сай тауар мен қызмет өндіре отырып қатысуымен сипатталады. Бұл сәтті орындалған жағдайда халықтың әл-ауқаттылығы да артады.

Кесте 1 - Төлем балансының 2016-2017 жылдарға арналған болжамы, млн. АҚШ долл.
(2015 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша)

Көрсеткіштің атауы	2016 ж.			2017 ж.		
	бір баррель үшін 60 АҚШ долл.	бір баррель үшін 50 АҚШ долл.	бір баррель үшін 40 АҚШ долл.	бір баррель үшін 60 АҚШ долл.	бір баррель үшін 50 АҚШ долл.	бір баррель үшін 40 АҚШ долл.
Ағымдағы шот	-2 937,6	-8 023,4	-9 662,4	-3 704,1	-8 532,6	-9 920,8
<i>Ағымдағы шоттың сальдосы, ЖІӨ-нің</i>	<i>-1,2%</i>	<i>-3,3%</i>	<i>-4,1%</i>	<i>-1,3%</i>	<i>-3,1%</i>	<i>-3,8%</i>
Сауда балансы	16 354,1	9 751,0	6 123,2	16 520,4	10 091,2	6 869,2
Тауарлар экспорты	51 569,1	43 709,0	37 861,9	53 651,9	45 761,4	40 402,3
Тауарлар импорты	35 215,0	33 958,0	31 738,7	37 131,5	35 670,1	33 533,2
Көрсетілетін қызметтер экспорты	5 041,3	4 713,0	4 380,5	5 513,4	5 164,3	4 782,8
Көрсетілетін қызметтер импорты	10 205,6	9 780,7	9 119,4	11 423,6	10 920,6	10 289,3
Қаржы шоты	-7 709,1	-9 109,0	-10 383,9	-6 578,9	-8 150,0	-9 797,0
Тікелей инвестициялар (нетто)	-6 452,5	-6 152,5	-6 050,5	-6 356,4	-6 177,6	-6 482,6
Жалпы баланс	-690,2	2 600,9	2 187,0	895,5	3 795,2	2 794,1
Жалпы баланстың сальдосы, ЖІӨ-нің %-ы	-0,3%	1,1%	0,9%	0,3%	1,4%	1,1%
Ескерту – [7] әдебиет негізінде құрастырылды						

Бір жағынан кедендік кедергілердің алынуы нарықтың кеңеюіне алып келеді. Сонымен қатар Ресей, Беларусь елдеріндегі бәсекеге қабілеттірек компаниялардың отандық нарықты жаулап алу

қауі аталады. Осы арада отандық өндірушілер мен компаниялар технология мен инновациялық әлеуетке баса назар аударуы қажет. Институттық даму саласында парақорлық мәселесі, бұдан ауқымдырақ көлеңкелі экономикамен күрес маңызды болып табылады. Бұл арада мемлекетпен жүзеге асырылып жатқан көлеңкелі экономикамен күресу бойынша кешенді жоспардың орындылығын атау қажет.

Қорытынды. Қазақстан үшін әлемдік шаруашылыққа шикізаттық ел ретінде емес, технологиялық деңгейі жоғары, күшті қаржы институттары мен дамыған инфрақұрылымы мен ақпараттық секторы бар экономикалық дамыған ел ретінде қатысуы маңызды стратегиялық міндет болып табылады. Өз кезегінде экономиканың бәсекеге қабілеттілігі жаһандық тенденциялардың талабы бойынша экономикада құрылымдық реформалар жүргізумен байланысты болып табылады.

Сонымен бірге елдің бәсекеге қабілеттілігі оның ашықтығы мен сауда-экономикалық қатынастардың әлемдік жүйесіне кірігуінсіз мүмкін емес. Бір жағынан, интеграциялық үдерістер отандық нарықта бәсекені ынталандырады және олардың өткізу нарығын кеңейтеді, сонымен қатар сауда келіспеушіліктерін халықаралық механизмдермен шешуге мүмкіндік береді.

ЕАЭО негізгі міндеттерінің бірі мүше мемлекеттердің экономикасын жаңғыртып бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Дегенмен, жүргізілген талдау бүгінгі күнге оң әсерін тигізбеді және Ресей ғана ұтыста екені анықталды, ал Қазақстан негізінен импортты арттырып, экспортын азайтты. Жалпы сауда және даму теорияларын ескере отырып, шетелдік тікелей инвестициялардың отандық нарықтағы шоғырлану мен кірістілікке әсерін эмпирикалық талдаудың нәтижесі бойынша интеграция эффектісі уақыттың өтуімен және сол арада технологиялық, кәсіптік трансфердің нәтижесінде жүзеге асады. Яғни бастапқыда интеграциядан теріс экономикалық әсер, жоғарыда келтірілген шарттар (технология мен біліктілік трансферті) орындалғанда оң әсерге ауысады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Медушевская И.Е. Методы оценки конкурентоспособности национальной экономики // Европейская наука XXI век: сборник статей Международной научной конференции. Прага, 2008.
- [2] И. М. Лемешевский. Экономическая теория. Основы. Вводный курс; 3-е издание; Минск 2007 с. 204.
- [3] Кенжегузин М, Додонов В. Экономические реформы в Казахстане: этапы, проблемы, итоги // Экономика и статистика, 2006, №2, С. 3.
- [4] Пономарев А.А. Интеграция производства как фактор повышения конкурентоспособности экономики России в условиях глобализации автореферат диссертации.
- [5] Шеденов Ө.Қ., Усибалиева Н.К. Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайлары // ҚазҰУ хабаршы. 2011. - № 2 (84).
- [6] www.nationalbank.kz. Макроэкономикалық орта және оның орнықтылық факторлары. ҚРҰБ есептері. Алматы, 2015.
- [7] www.nationalbank.kz. Қаржылық қатынастарды дамыту үрдістері. ҚРҰБ есептері. Алматы, 2015.
- [8] Селезнев А. О макрорегулировании экономики в свете положений теории роста//Экономист.2002. №11. С.3-13.
- [9] Спицын А. Инновационные приоритеты развития//Экономист. 2014, №5.С.31-35.
- [10] Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 23 жылдығы: даму тенденциялары және статистика қорытындылары. Астана, 2014, 103 бет.
- [11] Тамбовцев В. Об экономическом росте и размерах государства//Вопросы экономики. 2013. №6. С.119-12.
- [12] Есекина Б. Проблемы интеграции принципов устойчивого развития в национальную экономику. Саясат, №7 июль, 2004 г, С.11-14.
- [13] Кажыкенов М. Устойчивость социально-экономической системы (десятилетие концепции устойчивого развития)//Транзитная экономика, 2001 г, №3 С11-14.
- [14] Кучин И. Приближается ли казахстанское общество к состоянию устойчивого развития? //Аль Пари, 2001, №3, С. 12.
- [15] Коптюк В.А. Методический подход к обоснованию стратегии устойчивого социально-экономического развития сырьевых территории//Регион, 1997 г, №2, С. 15.
- [16] Джанбурчин К. Концептуальные основы устойчивого развития гетерогенных социально- экономических систем//Аль Пари, 2011 г, №4, С. 9.
- [17] Ашимбаева А.Т. Национальная экономика: перспектива устойчивого роста//Көне және қазіргі Тараз: тарихы және әлеуметтік-экономикалық дамуының болашағы. Тараз қаласының 2000 жылдығына арналған Республикалық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. 4-5 сәуір, 2002 ж, 33-34 б.
- [18] Джосембаев Р.Н, Инютина В.П. Обзор концепции устойчивого развития Республики Казахстан (по материалам конкурса)//Экология: устойчивое развитие, 2002 г, № 5.

А.Б.Темирова¹, Г.Амирова², С.А Юсупова¹, Н.Х. Баймунинова¹

¹АО «Финансовая академия», Астана;

²«Казахский Университет Экономики Финансов и Международной Торговли», Астана

ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ В УСЛОВИЯХ МЕЖДУНАРОДНОЙ ИНТЕГРАЦИИ

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы конкурентоспособности национальной экономики в условиях глобализации. Определены конкурентные преимущества, предлагается использовать принцип оценки конкурентоспособности страны. Установлена роль государства в обеспечении конкурентоспособности страны на мировом рынке. Интеграция производства в современной экономике является мощным фактором повышения ее конкурентоспособности. Сегодня повышение конкурентоспособности экономики одна из самых влиятельных концепций в экономике и политике, реализация которой способствует развитию социально-ответственного бизнеса во благо процветания каждой нации и всего мира. Весь мир становится ареной деятельности крупных интегрированных структур. В этой связи углубляется международное разделение труда, многократно возрастают объемы, динамика и значение внешней торговли и международных экономических отношений. И все это происходит на основе развития интеграции производства как фактора повышения конкурентоспособности экономики, что способствует не только соблюдению стабильности, количественного накопления тех или иных «положительных» показателей, а, прежде всего, позиционированию качественных изменений в социально-экономическом развитии. Благодаря интеграции общественный прогресс становится динамичным, творческим, интересным и нужным по всем параметрам для человека.

Мировая практика показывает, что интеграция занимает ведущее место в экономике развитых стран. Она обеспечивает оптимизацию структуры экономики, экономию на масштабах производства, диверсификацию хозяйственной деятельности, привлечение внешних финансовых ресурсов, способствует развитию ведущих секторов мировой экономики и, в конечном итоге, ведет к росту конкурентоспособности экономики в системе современных рыночных отношений в условиях глобализации.

Ключевые слова: Национальная экономика, конкурентоспособность, глобализация, интеграция, факторы конкуренто-способности, конкурентные преимущества.

Сведения об авторах:

Темирова А.Б. - к.э.н., декан факультета послевузовского образования АО «Финансовая академия», Астана;

Амирова Г.- магистр экономических наук, КазЭУФМТ, Астана;

Юсупова Салтанат Абаевна - к.э.н, старший преподаватель кафедры "Экономика и менеджмент" АО «Финансовая академия», Астана;

Баймунинова Наргиза Хасановна - старший преподаватель кафедры "Экономика и менеджмент" АО «Финансовая академия», Астана.